


Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 836	▲ 0,05%	▲ 16,5%
NASDAQ	22 547	▼ -0,22%	▼ -3,0%
DJIA	49 501	▲ 0,10%	▲ 16,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	21	▼ -1,06%	▲ 14,9%
Еуропа			
FTSE 100	10 446	▲ 0,42%	▲ 26,5%
DAX	2 118	▲ 0,25%	▲ 24,2%
Азия			
Hang Seng	26 567	▼ -1,72%	▲ 35,4%
Nikkei 225	57 002	▼ -0,89%	▲ 42,9%
Shanghai SE	4 082	▼ -1,26%	▲ 25,1%
Қазақстан			
KASE	7 642	▼ -0,55%	▲ 34,6%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Жұма күні қор нарықтары сауданы әртүрлі бағытта аяқтады: S&P 500 0,05%-ға өсіп, \$6 836,17 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,22%-ға төмендеп, \$22 546,67 болды; DJI 0,10%-ға қымбаттап, \$49 500,93 құрады. S&P 500 индексінің барлық секторлары сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Utilities (+2,7%), Information Technology (+1,8%) және Energy (+1,5%) секторлары болды.

S&P 500 индексі жұма күнгі сауданы аздаған өсіммен аяқтады, бұған АҚШ-та қаңтар айындағы тұтыну бағаларының күтілгеннен төмен өскені туралы жарияланған деректер ықпал етті. 2026 жылдың қаңтарында АҚШ-тағы тұтыну бағалары индексі (CPI) жылдық мәнде 2,4 % болды, бұл желтоқсан айындағы көрсеткіштен (2,7 %) және сарапшылар болжамынан төмен. Айлық мәнде CPI желтоқсанмен салыстырғанда 0,2 %-ға өсті. Инфляцияның баяулауы ақша-несие саясатының жұмсаруы жөніндегі күтулерді күшейтті: CME Group-тың FedWatch құралына сәйкес, маусым айында ФРЖ мөлшерлемесі 25 б.п.-қа төмендету ықтималдығы 48,9%-дан 52,3%-ға дейін артты. Осы аяда сессия басында нарық сенімді өсім көрсетті.

Алайда сауда соңына қарай серпін әлсіреді. Nasdaq индексі төмендеумен жабылды, себебі қысым ірі технологиялық компаниялар мен коммуникациялық қызметтер секторындағы компаниялардың акцияларына туындады. Инвесторлар АҚШ-тағы Президенттер күніне байланысты демалыс қарсаңында пайдасын тіркеп, позицияларын қысқартты, сондай-ақ жасанды интеллекттің кейбір компаниялардың бизнес-модельдеріне ықтимал әсері жөніндегі алаңдаушылық сақталды.

Технологиялық сектордағы әлсіздік негізгі индекстер динамикасының алшақтығының басты факторларының бірі болды. Nvidia акциялары 2,21%-ға арзандады, ал Apple қағаздары 2,27%-ға төмендеді, бұл ең ауқымды секторға деген қызығушылықтың салқындағанын көрсетті.


Қосымша оң серпін жартылай өткізгіштер сегментінен байқалды: Applied Materials акциялары 8,1%-ға секірді, себебі микрочиптерге арналған жабдық өндірушісі екінші тоқсанға арналған кіріс пен пайда болжамын Уолл-стрит сарапшыларының күткенінен жоғары деңгейде ұсынды.

Инфляциялық қысымның әлсіреу белгілеріне қарамастан, нарық қатысушылары сақтық танытуда. Federated Hermes компаниясының бас нарықтық стратегі Фил Орландо АҚШ-тағы аралық сайлаулар қарсаңында және ФРЖ төрағасының ықтимал ауысуына байланысты нарықтағы жоғары құбылмалылық сақталады деп күтеді. Оның пікірінше, тарихи тұрғыда сайлау жылы реттеуші басшылығының ауысуымен қатар келген кезеңдер қор нарығының екі таңбалы пайыздық төмендеуімен қатар жүрген, бұл макроэкономикалық статистиканың жақсаруына қарамастан инвесторлардың сақтығын күшейтеді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 644 141 969 052	0,6%	-2,0%	7,5%
Consumer Discretionary	6 476 762 308 724	0,4%	0,4%	10,9%
Consumer Staples	3 788 312 851 247	0,1%	8,3%	11,7%
Energy	1 983 759 784 102	1,5%	14,6%	15,6%
Financials	7 929 000 634 188	0,6%	-5,8%	1,2%
Industrials	5 110 363 795 359	1,2%	3,0%	24,4%
Information Technology	19 268 489 452 841	1,8%	-2,0%	49,0%
Materials	1 244 486 280 177	0,6%	10,2%	23,4%
Real Estate	1 183 098 495 301	1,4%	1,0%	-2,3%
Utilities	1 377 528 018 680	2,7%	7,0%	19,3%
Health Care	5 716 529 512 244	1,5%	0,8%	7,5%
KASE акциялары				
Халық Банк	395	0%	0%	44,2%
Банк ЦентрКредит	4 774	0%	0%	108,3%
Kcell	3 390	0%	0%	0,3%
Казатомпром	41 200	-1%	-1%	101,5%
КазТрансОйл	984	-1%	-1%	19,5%
KEGOK	1 468	0%	0%	-3,5%
Kaspi.kz	37 525	-2%	-2%	-31,6%
КазМунайГаз	24 590	0%	0%	68,1%
Эйр Астана	857	-1%	-1%	-25,0%
Валюта				
USD/KZT	494,93	0,24%	0,24%	-2,3%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,86	-0,34%	-0,34%	-1,1%
EUR/USD	1,1867	-0,02%	-0,02%	1,3%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтііз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.